

«23» 02 2022 ж.  
№23 бұйрыққа  
1-қосымша

**«XXI ғасырдың шебер педагогі»  
қалалық конкурсын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы «XXI ғасырдың шебер педагогі» қалалық конкурсының ережесі (бұдан әрі - Ереже) білім беру ұйымдарының «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткізілетін «XXI ғасырдың шебер педагогі» қалалық конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) мақсаты мен міндеттерін анықтайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Конкурс Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Орталық) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. Мақсаты: қоғамда бастауыш білім беру жүйесінің басымдықтарын таныту және беделін арттыру, шығармашылықпен жұмыс істейтін бастауыш сынып педагогтерін қолдау және ынталандыру.

1.4. Міндеттері:

- бастауыш білім беру жүйесінің инновациялық әдістерін, құралдары мен технологияларын анықтау және қолдау;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық бастамаларын дамыту, оларды инновациялық қызметке ынталандыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін шыңдау және мұғалім мамандығының беделін арттыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби тәжірибесінің үздік үлгілерін насихаттау.

**2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары**

2.1. Конкурсты ұйымдастырушы – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК.

2.2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін қазылар алқасының құқықтары берілген Конкурстық комиссия құрылады.

2.3. Конкурстық комиссия құрамына ұйым басшылары, жоғары білікті педагогтер, бастауыш сыныптар қауымдастығының өкілдері және т. б. кіреді.

*А.С.*

2.4.Конкурстық комиссия мүшелері қатысушылардың ұсынған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды.

2.5. Конкурс үш кезеңде өткізіледі.

**1-кезең . «Менің жаңашыл педагогтік іс-тәжірибем»**  
(регламент 3 минут).

Конкурсқа қатысушылардың жаңашыл іс-тәжірибесі бойынша шығармашылық бейнеролик түсіруі. Дайындалған бейнеролик 2022 жылғы 25 наурызға дейін қабылданады. Қорытындысы 2022 жылғы 31наурыз күні сайтқа жарияланады.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- ажыратымдылығы HD төмен емес (1280x720);
- форматы\*. mp4;
- бейнематериалдың ұзақтығы 3-5 минут.

**Бағалау критерийлері:**

- ұсынылған жұмыстың өзектілігі (мақ 5 ұпай);
- ұсынылған жұмыстың практикалық маңыздылығы (мақ 5 ұпай);
- ұсынылған тәжірибенің жаңалығы (мақ 5 ұпай);
- ұсынылған жұмысты құрудың қисындылығы (мақ 2 ұпай);
- ұсынылған тақырыпқа мазмұнының сәйкестігі (мақ 2 ұпай);
- АКТ шеберлігі (мақ 2 ұпай);
- жалпы мәдениет (қарым-қатынас, сөйлеу мәдениеті) (мақ 2 ұпай).

**2-кезең. Шебер-сынып өткізу**

**Тақырыбы:** «Мұғалімнің ізденісі мен ілімі – білімнің кілті»

Конкурстың 2-кезеңіне өткен педагогтер 2022 жылғы 6 сәуір күні (қосымша айтылған мектепте) оффлайн сабақ көрсетеді. Қорытындысы 2022 жылғы 8 сәуір күні сайтқа жарияланады.

Берілген тақырыптар бойынша шебер-сынып өткізу. *(Пәнін, тақырыбы мен оқыту мақсатын Конкурсстық комиссия береді. Шебер-сыныпты мұғалімдерге өткізеді. Қатысушы 20 минут бұрын тақырыпты конверттен алып, 10 минут ішінде кері байланыс жасап , Комиссия мүшелеріне төмендегі критериймен көрсету керек.)* Регламент -10 минут.

**Бағалау критерийлері:**

- мақсатын анықтау;
- тиімді әдіс-тәсілдер;
- дарынды оқушылармен, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс;
- жүйелілік;
- тәжірибенің жаңашылдығы;
- қалыптастырушы бағалау;
- күтілетін нәтижесінің айқындығы

**3-кезең. «Менің педагогикалық даму моделім»** 350 - 400 сөзден тұратын эссе жазу. Конкурсстың 3-кезеңіне өткен педагогтер 2022 жылғы 13 сәуір күні (қосымша айтылған мектепте) оффлайн режимде эссе жазады. 2022 жылғы 20 сәуір күні Конкурсстың жалпы қорытындысы сайтқа жарияланады.

- эссе құрылымын сақтауы;
- тақырыпты толыққанды ашуы;
- мазмұндау қисыны, сауаттылығы;
- мәтіннің бірегейлігін тексеру;

Конкурсқа «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар бастауыш сынып мұғалімдері жұмыс өтілі мен жасына шектеу қойылмай қатыса алады.

Конкурс жеңімпаздары келесі бес жыл ішінде конкурсқа қатыспайды.

### **3. Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:**

3.1. Өз жұмысын жібере отырып автор жұмысын автоматты түрде тегін пайдалануға, көпшілікке таратуға, интернетте орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге құқығын береді. Жіберілген бейнематериал рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.2. Материалды ұсына отырып, қатысушы келісімін береді:

- өзі туралы жеке мәліметтерін (тегі, аты, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, суреті (фотосуреттері) және басқа да жеке мәліметтер) пайдалануға және өңдеуге;

- өз атын, тегін, әкесінің атын және суреттерді (фотосуреттерді) сайтқа, сондай-ақ You Tube, Facebook-ті қоса алғанда, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға.

### **4. Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар:**

4.1. Қалалық кезеңге материалдар «XXI ғасырдың шебер педагогі» конкурсының атауымен [nurzhama1.azimbay@bk.ru](mailto:nurzhama1.azimbay@bk.ru) электрондық поштасына 2022 жылғы 25 наурызға дейін жіберілуі тиіс.

4.2. Көрсетілген мерзімнен кешіктірілген материалдар қаралмайды.

### **5. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау**

5.1. Конкурс қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- Бас жүлде
- I орын
- II орын
- III орын

5.2. Конкурс жеңімпаздары Білім беруді жаңғырту орталығының дипломдары мен алғыс хаттары, сонымен қатар бағалы сыйлықтарымен марапатталады.

5.3. Конкурс қорытындысы Орталықтың <https://astana-modern.kz/> сайтында жарияланатын болады.

**Анықтама телефоны: 87011571595**

1-қосымша

**«XXI ғасырдың шебер педагогі» қалалық конкурсына қатысуға  
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.  
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Білім беру ұйымының атауы, электронды мекенжайы	
4	Бейнеролик авторының электронды мекенжайы	
5	Байланыс телефоны	
6	Бейнероликтің / файлдың атауы	

*Handwritten signature*